

Қара металдар мен металл өнімдерін өндіру жөніндегі Қазақ мемлекеттік "Қазболат" мемлекеттік корпорациясы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 қараша 1992 ж. N 969

Өтпелі кезеңде металлургия кешені кәсіпорындары жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында және республика халық шаруашылығының қара металдар мен металл өнімдеріне деген қажетін қамтамасыз етуге зор маңыз бере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республика қара металлургиясы бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының инициативасы бойынша қара металдар мен металл өнімдерін өндіру жөніндегі Қазақ мемлекеттік "Қазболат" мемлекеттік корпорациясының ("Қазболат" корпорациясы) құрылуы мақұлданды.

Корпорация басқармасы Теміртау қаласында, оның өкілдігі Алматы қаласында орналасқан болып белгіленсін.

2. "Қазболат" корпорациясы өзінің қызметін өзін-өзі басқару негізінде жүзеге асыратын, оның құрамына ерікті негізде кіретін бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің шаруашылық дербестігін және заңды ұйым хұқықтарын сақтайтын болып белгіленсін.

Корпорацияның дербес балансы және есеп айырысу шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гербі бейнеленген және өзінің атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі болады, ол қолданылып жүрген заңдардың, өз Жарғысының, сондай-ақ өзіне корпорацияға қатысушылар табыстаған өкілеттіктердің негізінде қызмет жасайды және заңды ұйым болып табылады.

3. "Қазболат" корпорациясын басқарудың жоғарғы органы Кеңес болып табылады, ол корпорацияның президентін сайлайды және корпорация президентінің ұсынуы бойынша вице-президентті тағайындайды.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне:

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігіне "Қазболат" корпорациясының құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлігін иелену, пайдалану және басқару хұқығын табыстау;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен, "Қазболат" корпорациясымен бірлесіп, еріктілік негізінде меншік нысаны аралас болатын көп салалы холдинг құру туралы мәселені қарау ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі 1992 жылы

"Қазболат" корпорациясына техникалық байланыс құралдарының және телефон мен телефакс байланысы каналдарының бөлінуін көздейтін болсын.

6. "Қазболат" корпорациясының мемлекеттік басқару органдарымен қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі